

**«Кемел кәсіби даму  
орталығы»**



**«Kemel kasibi damu  
ortalygy LTD»**

**«Инклюзивті білім беруді ұйымдастыруда педагогтердің  
нормативтік-құқықтық құзыреттілігін дамыту»  
біліктілікті арттыру курсының  
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**Сағат саны: 80 ақ.сағ.**

**Алматы 2026**

## **1. Жалпы ережелер**

«Инклюзивті білім беруді ұйымдастыруда педагогтердің нормативтік-құқықтық құзыреттілігін дамыту» атты біліктілікті арттыру бағдарламасы жалпы білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтердің инклюзивті білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық сауаттылығын арттыруға, ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды қолдау бойынша кәсіби әрекеттерін құқықтық тұрғыдан негіздеуге және білім беру процесінде нормативтік талаптарды дұрыс қолдану дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Бағдарлама мазмұны инклюзивті білім берудің нормативтік-құқықтық негіздерін, педагогтің кәсіби стандарты мен жауапкершілігін, ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау тәртібін, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметімен өзара әрекетті, оқу процесін бейімдеу мен бағалау ерекшеліктерін, педагогикалық құжаттаманы жүргізу, ата-анамен серіктестік орнату және педагогтің кәсіби құқықтық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін қамтиды.

Курс барысында тыңдаушылар нормативтік-құқықтық актілермен жұмыс істеуді, ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың құқықтарын қамтамасыз етуге бағытталған педагогикалық әрекеттерді жоспарлады, оқу тапсырмалары мен бағалау тәсілдерін бейімдеуді, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі (бұдан әрі – ППҚҚ) мамандарына педагогикалық ақпарат дайындауды, қолдау қызметі ұсынымдарын сабақ процесінде іске асыруды және педагогикалық шешімдерді құжаттық негіздеуді меңгереді.

Бағдарлама педагогтердің инклюзивті білім беру жағдайында кәсіби, құқықтық және этикалық тұрғыдан негізделген шешім қабылдау қабілетін дамытуға бағытталған. Курстың практикалық мазмұны нақты мектеп жағдайларына негізделген кейстерді талдау, құжат үлгілерін әзірлеу, педагогикалық сипаттама дайындау, тапсырманы бейімдеу, бағалау нәтижесін негіздеу және ата-анамен даулы жағдайларды құқықтық-этикалық тұрғыдан реттеу алгоритмдерін қамтиды.

### **Бағдарламаның өзектілігі**

Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамыту білім алушылардың сапалы білімге тең қолжетімділігін қамтамасыз ету, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім беру ортасына енгізу және әрбір білім алушының жеке мүмкіндіктерін ескере отырып қолдау көрсету міндеттерімен тығыз байланысты. Қазіргі жағдайда педагог тек пәндік білім беруші маман ғана емес, білім алушының құқықтарын сақтайтын, оқу процесін бейімдейтін, қолдау шараларын іске асыратын және өз әрекетін нормативтік-құқықтық тұрғыдан негіздей алатын кәсіби тұлға ретінде қарастырылады.

Жалпы білім беру ұйымдарының тәжірибесінде педагогтер инклюзивті білім беру саласындағы нормативтік актілерді қолдану, ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау нәтижелерін түсіну, ППҚҚ ұсынымдарын оқу

процесінде іске асыру, оқу тапсырмалары мен бағалау тәсілдерін бейімдеу, ата-аналармен құқықтық және этикалық тұрғыдан дұрыс байланыс орнату, сондай-ақ педагогикалық құжаттаманы жүргізу барысында бірқатар қиындықтарға кездеседі. Бұл жағдай педагогтердің нормативтік-құқықтық құзыреттілігін жүйелі түрде жетілдіру қажеттігін көрсетеді.

Бағдарламаның өзектілігі педагогтердің инклюзивті білім беру жағдайында нормативтік-құқықтық құжаттарды тек теориялық деңгейде меңгеруімен шектелмей, оларды нақты педагогикалық тәжірибеде қолдану, кәсіби шешім қабылдау, әрекетін құжатпен дәлелдеу және ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға сапалы қолдау көрсету қабілетін қалыптастыру қажеттілігімен айқындалады.

Ұсынылып отырған бағдарлама педагогтердің құқықтық сауаттылығын арттыру, инклюзивті білім беру процесіндегі кәсіби жауапкершілігін күшейту, білім беру ұйымдарында қолдаушы және қауіпсіз орта қалыптастыру, сондай-ақ ППҚҚ мамандары, әкімшілік, ата-аналар және педагогтер арасындағы өзара әрекетті нормативтік негізде ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

### **Мемлекеттік басымдықтармен және әлемдік трендтермен байланысы** **Мемлекеттік басымдықтармен байланысы**

«Инклюзивті білім беруді ұйымдастыруда педагогтердің нормативтік-құқықтық құзыреттілігін дамыту» біліктілікті арттыру бағдарламасы Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамытудағы басым бағыттарымен тікелей байланысты және ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға сапалы білім беру мен психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуді жетілдіруге бағытталған.

Мемлекеттік деңгейде сапалы білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету, білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескеру, инклюзивті білім беру ортасын дамыту және педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру негізгі міндеттердің бірі болып табылады. Бұл бағыттар Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында, Білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында, Қазақстан Республикасында инклюзивті саясатты дамытудың 2025–2030 жылдарға арналған тұжырымдамасында, Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс істеу қағидаларында және педагогтің кәсіби стандарты талаптарында көрініс тапқан.

Бағдарлама педагогтердің инклюзивті білім беру жағдайында нормативтік-құқықтық құжаттарды дұрыс түсінуіне, оларды кәсіби тәжірибеде қолдануына, ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды қолдау, оқу процесін бейімдеу, бағалау нәтижелерін негіздеу, педагогикалық құжаттаманы жүргізу және ата-аналармен, ППҚҚ мамандарымен өзара әрекетті құқықтық тұрғыдан дұрыс ұйымдастыру құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған.

### **Әлемдік трендтермен байланысы**

Халықаралық деңгейде бағдарлама БҰҰ-ның Мүгедектердің құқықтары туралы конвенциясы, БҰҰ Тұрақты даму мақсаттары, әсіресе 4-мақсат —

сапалы білім беру, сондай-ақ ЮНЕСКО-ның инклюзивті білім беру саласындағы ұсынымдарымен үндеседі.

Әлемдік білім беру тәжірибесінде инклюзивті білім беру әрбір білім алушының жеке қажеттілігін ескеруге, оқу процесін дараландыруға, қолжетімді білім беру ортасын құруға, әмбебап дизайн қағидаларын қолдануға, ата-анамен серіктестікке және педагогтердің құқықтық әрі этикалық жауапкершілігін күшейтуге бағытталады.

Сонымен қатар қазіргі халықаралық тәжірибеде педагогтердің нормативтік-құқықтық сауаттылығы, деректерге негізделген педагогикалық шешім қабылдау, білім алушының даму динамикасын мониторингтеу, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандарымен командалық өзара әрекет және оқу жетістіктерін бағалауды бейімдеу инклюзивті білім беру сапасын арттырудың маңызды шарттары ретінде қарастырылады.

Осы тұрғыдан алғанда, ұсынылып отырған бағдарлама педагогтердің нормативтік-құқықтық құзыреттілігін жетілдіру арқылы білім беру ұйымдарында инклюзивті білім беру сапасын арттыруға, ППҚҚ әлеуетін күшейтуге, ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға жүйелі қолдау көрсетуге және әлемдік білім беру трендтеріне сәйкес келетін құқықтық сауатты, қолдаушы әрі қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыруға ықпал етеді.

## 2. Глоссарий

**Инклюзивті білім беру** – барлық білім алушыларға олардың ерекше білім беруді қажет етуін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс.

**Құзыреттілік** – тұлғаның меңгерген білімін, білігін, дағдысын және тәжірибесін нақты кәсіби жағдайда тиімді қолдана алу қабілеті.

**Нормативтік-құқықтық құзыреттілік** – құқықтық құндылықтарға негізделген, педагогтің инклюзивті білім беру жағдайында нормативтік-құқықтық құжаттарды білуін, оларды кәсіби қызметте қолдана алуын, ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың білім алу құқықтарын қамтамасыз етуге бағытталған педагогикалық шешімдерді құқықтық тұрғыдан негіздеуін және кәсіби жауапкершілік танытуын сипаттайтын құзыреттілік.

**Психологиялық-педагогикалық қолдау** – білім беру ұйымдарында жүзеге асырылатын, ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды (балаларды) қоса алғанда, білім алушылардың білім алу мен даму үдерісін табысты жүзеге асыру үшін олардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық жағдайларды жасайтын жүйелі ұйымдастырылған қызмет.

**Ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар)** – тиісті деңгейде білім алу және қосымша білім алу үшін арнаулы жағдайларға тұрақты немесе уақытша қажеттілік көріп жүрген адамдар (балалар)

**Мүмкіндігі шектеулі бала (балалар)** – белгіленген тәртіппен расталған, туа біткен, тұқым қуалаған, жүре пайда болған аурулардан немесе жарақаттардың салдарынан тіршілік етуі шектелген, дене және (немесе) психикалық кемістігі бар он сегіз жасқа дейінгі бала (балалар).

**Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау** – білім алу үшін қажетті арнаулы жағдайларды айқындау;

**Сараланған және жеке тәсіл** – түзету жұмысының әдістерін, нысандары мен құралдарын таңдау кезінде әр баланың жеке ерекшеліктері, қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескеру.

**Педагогикалық тексеру** – балалардың интеллектуалдық даму ерекшеліктерін және олардың ойын әрекетіне, білім алуға және қарым-қатынас жасауға жасына сәйкес нормативтерді ескере отырып, әлеуетті мүмкіндіктерін анықтау.

**Оқу бағдарламасы** – әрбір оқу пәні, оқу пәні және (немесе) модуль бойынша меңгеруге жататын білім, білік, дағды мен құзыреттіліктің мазмұны мен көлемін айқындайтын бағдарлама.

**Білім беру бағдарламаларын бейімдеу** — ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде оқыту мақсаттарын, оқыту мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыру тәсілдері мен әдістерін, оқу жетістіктерін бағалау критерийлерін білім алушының мүмкіндіктеріне сәйкестендіру.

**Жиынтық бағалау** – белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы), сондай-ақ оқу бағдарламасына сәйкес бөлімдерді (ортақ тақырыптарды) оқып аяқтағаннан кейін өткізілетін бағалау түрі.

**Формативті бағалау** – сыныптағы күнделікті жұмыс барысында жүргізілетін бағалау түрі білім алушылардың үлгерімінің ағымдағы көрсеткіші болып табылады, оқу барысында білім алушы мен мұғалім арасындағы жедел өзара байланысты, білім алушы мен педагог арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және білім беру процесін жетілдіруге мүмкіндік береді.

### **3. Бағдарламаның тақырыбы**

#### **Бағдарламаның жаңашылдығы**

«Инклюзивті білім беруді ұйымдастыруда педагогтердің нормативтік-құқықтық құзыреттілігін дамыту» біліктілікті арттыру бағдарламасы қазіргі білім беру ұйымдарында инклюзивті білім беруді нормативтік талаптарға сәйкес ұйымдастыру қажеттілігін ескере отырып әзірленген. Бағдарлама мазмұны педагогтің инклюзивті білім беру жағдайындағы кәсіби қызметін нормативтік-құқықтық, ұйымдастырушылық-педагогикалық, бағалау, бейімдеу, құжаттандыру және этикалық жауапкершілік бағыттарында кешенді қарастыруға негізделген.

Бағдарламаның жаңашылдығы оның инклюзивті білім беру туралы жалпы теориялық түсінік берумен шектелмей, педагогтердің нормативтік-құқықтық құжаттарды кәсіби тәжірибеде қолдану құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталуында. Тыңдаушылар ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім

алушылардың білім алу құқықтарын қамтамасыз ету, қолдау шараларын ұйымдастыру, оқу тапсырмаларын бейімдеу, бағалау нәтижелерін негіздеу, ППҚҚ мамандарымен өзара әрекеттесу және педагогикалық шешімдерді құжаттық тұрғыдан дәлелдеу бойынша нақты практикалық дағдыларды меңгереді.

Бағдарламада педагогтің кәсіби әрекетін құқықтық тұрғыдан негіздеу мәселесіне ерекше назар аударылады. Оқыту барысында тыңдаушылар нормативтік-құқықтық актілерді талдау, нақты педагогикалық жағдаяттарға сәйкес қолдану, ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушы туралы педагогикалық ақпарат дайындау, ППҚҚ отырысына қажетті мәліметтерді рәсімдеу, оқу процесін бейімдеу және бағалау нәтижелерін құжаттық негіздеу жолдарын қарастырады.

Бағдарламаның маңызды ерекшеліктерінің бірі – педагогтің инклюзивті білім беру жағдайындағы кәсіби құқықтық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталуы. Курста ата-анамен серіктестік орнату, даулы жағдайларды құқықтық және этикалық тұрғыдан реттеу, құпиялылықты сақтау, баланың қадір-қасиетін құрметтеу және педагогтің өз кәсіби әрекетін дәлелді түрде негіздей алуы маңызды құрамдас бөліктер ретінде қамтылады.

Бағдарлама тек мазмұнының өзектілігімен ғана емес, сонымен қатар педагогтердің нақты кәсіби сұраныстарына жауап беретін практикалық құрылымымен ерекшеленеді. Әр модуль нормативтік-құқықтық құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталып, білім беру ұйымындағы нақты жағдайлармен, құжат үлгілерімен, әрекет алгоритмдерімен және кейстік тапсырмалармен байланыстырылған. Бұл бағдарламаны инклюзивті білім беру жағдайында педагогтердің құқықтық сауаттылығын, кәсіби жауапкершілігін және шешім қабылдау мәдениетін дамытатын жүйелі курс ретінде сипаттауға мүмкіндік береді.

### **Білім беру жүйесіндегі ұқсас бағдарламалардың бар-жоғын талдау**

Қазақстан Республикасында педагогтердің біліктілігін арттыру жүйесінде инклюзивті білім беру мәселелеріне арналған бағдарламалар кездеседі. Алайда олардың едәуір бөлігінде инклюзивті білім берудің жалпы қағидалары, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері, оқыту әдістері мен қолдау тәсілдері басым қарастырылады. Ал педагогтің күнделікті кәсіби әрекетінде нормативтік-құқықтық құжаттарды қолдану, шешімді құқықтық тұрғыдан негіздеу, бағалау мен бейімдеу нәтижелерін құжаттандыру мәселелері әрдайым жүйелі түрде қамтыла бермейді.

Қолданыстағы бағдарламаларда ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды қолдау, ППҚҚ мамандарымен өзара әрекет, ата-анамен жұмыс, оқу процесін бейімдеу және бағалау мәселелері қарастырылғанымен, бұл бағыттар көбіне әдістемелік немесе психологиялық-педагогикалық тұрғыдан түсіндіріледі. Педагогтің нормативтік-құқықтық құзыреттілігі, кәсіби міндеттері мен жауапкершілігі, құжаттық дәлелдеу мәдениеті, құқықтық

қауіпсіздігі және даулы жағдайларды реттеу алгоритмі жеке әрі кешенді бағыт ретінде жеткілікті деңгейде ашылмайды.

Ұсынылып отырған бағдарламаның айырмашылығы – инклюзивті білім беру жағдайындағы педагогтің кәсіби қызметін нормативтік-құқықтық құзыреттілік тұрғысынан жүйелі қарастыруында. Бағдарлама мазмұнында инклюзивті білім берудің құқықтық негіздері, педагогтің кәсіби стандарты, ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау тәртібі, ППҚҚ қызметімен өзара әрекет, оқу процесін бейімдеу, бағалау нәтижелерін негіздеу, педагогикалық құжаттаманы жүргізу және ата-анамен құқықтық-этикалық қарым-қатынас орнату мәселелері өзара байланыста берілген.

Бағдарлама педагогтерге нормативтік-құқықтық құжаттарды тек білуге емес, оларды нақты мектеп тәжірибесінде қолдануға мүмкіндік береді. Тыңдаушылар нақты педагогикалық кейстерді талдау арқылы қандай жағдайда қандай нормативтік құжатқа сүйену, ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыға қатысты қандай педагогикалық шешім қабылдау, ППҚҚ мамандарына қандай ақпарат дайындау, тапсырма мен бағалауды қалай бейімдеу және өз әрекетін қалай құжаттық тұрғыдан негіздеу қажеттігін меңгереді.

Осыған байланысты ұсынылып отырған бағдарлама мазмұны, құрылымы және практикаға бағдарлануы тұрғысынан педагогтердің инклюзивті білім беру жағдайындағы нормативтік-құқықтық құзыреттілігін жетілдіруге арналған жүйелі білім беру бағдарламасы ретінде сипатталады. Бағдарлама жалпы білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтердің қазіргі кәсіби сұраныстарына сәйкес келеді және олардың құқықтық сауатты, кәсіби жауапты әрі дәлелді педагогикалық әрекет етуіне мүмкіндік береді.

#### **4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтижелер**

##### **Бағдарламаның мақсаты:**

Бағдарламаның мақсаты – инклюзивті білім беруді ұйымдастыруда педагогтердің нормативтік-құқықтық құзыреттілігін дамыту және ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды оқыту, қолдау, бағалау мен оқу процесін бейімдеу барысында нормативтік-құқықтық талаптарды кәсіби тәжірибеде дұрыс қолдану дағдыларын қалыптастыру.

##### **Бағдарламаның міндеттері:**

- педагогтердің инклюзивті білім беру саласындағы қолданыстағы нормативтік-құқықтық құжаттар бойынша жүйелі білімін қалыптастыру;
- Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың білім алу құқықтарын қамтамасыз етудегі педагогтің кәсіби міндеттері мен жауапкершілігін түсіндіру;
- ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау тәртібі, бастапқы педагогикалық ақпарат дайындау және қолдау шараларын негіздеу бойынша практикалық дағдыларды дамыту;
- ППҚҚ мамандарымен, әкімшілікпен және ата-аналармен өзара әрекетті нормативтік талаптарға сәйкес ұйымдастыру жолдарын меңгерту;

- оқу бағдарламасын, оқу тапсырмаларын, оқу материалдарын және бағалау тәсілдерін ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың жеке мүмкіндіктеріне қарай бейімдеу дағдыларын қалыптастыру;
- педагогикалық құжаттаманы жүргізу, мониторинг нәтижелерін тіркеу және педагогикалық шешімдерді құжаттық тұрғыдан негіздеу тәсілдерін меңгерту;
- инклюзивті ортада педагогикалық әдепті сақтау, ата-анамен серіктестік орнату және даулы жағдайларды құқықтық-этикалық тұрғыдан реттеу дағдыларын дамыту.

### **Бағдарламаны меңгерудің күтілетін нәтижелері**

#### **Курсты аяқтағаннан кейін тыңдаушы:**

- инклюзивті білім беру саласындағы негізгі нормативтік-құқықтық құжаттардың мазмұнын біледі және оларды кәсіби тәжірибеде қолданады;
- Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың білім алу құқықтарын қамтамасыз етудегі педагогтің кәсіби міндеттері мен жауапкершілігін түсінеді;
- ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау тәртібін, бастапқы педагогикалық ақпарат дайындау және қолдау шараларын негіздеу жолдарын меңгереді;
- ППҚҚ мамандарымен, әкімшілікпен және ата-аналармен өзара әрекет алгоритмін қолданады;
- оқу тапсырмаларын, оқу материалдарын және бағалау тәсілдерін ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың жеке мүмкіндіктеріне қарай бейімдейді;
- бөлім бойынша жиынтық бағалау (бұдан әрі – БЖБ) және тоқсан бойынша жиынтық бағалау (бұдан әрі – ТЖБ) тапсырмаларын бейімдеу және бағалау нәтижелерін негіздеу тәсілдерін қолданады;
- педагогикалық құжаттаманы жүргізеді, мониторинг нәтижелерін тіркейді және білім алушының даму динамикасын сипаттайды;
- инклюзивті ортада педагогикалық әдеп, құпиялылық және баланың қадір-қасиетін сақтау қағидаларын ұстанады;
- ата-анамен даулы жағдайларды құқықтық және этикалық тұрғыдан реттеу алгоритмін қолданады;
- өзінің кәсіби әрекетін нормативтік-құқықтық құжаттарға сүйене отырып дәлелдейді және құжаттық тұрғыдан негіздей алады.

#### **Бағдарламаның практикалық маңыздылығы**

Бағдарламаның практикалық маңыздылығы педагогтердің инклюзивті білім беру жағдайында нормативтік-құқықтық құжаттарды кәсіби тәжірибеде қолдану, ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды қолдау, оқу процесін бейімдеу, бағалау нәтижелерін негіздеу және педагогикалық құжаттаманы дұрыс жүргізу дағдыларын қалыптастыруға бағытталуымен

айқындалады. Бағдарлама мазмұны педагогтердің күнделікті кәсіби қызметінде кездесетін нақты құқықтық-педагогикалық міндеттерді шешуге бағдарланған.

Курс барысында тыңдаушылар инклюзивті білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық құжаттарды талдау, ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушы туралы бастапқы педагогикалық ақпарат дайындау, ПШҚҚ мамандарымен өзара әрекет алгоритмін құру, оқу тапсырмалары мен бағалау тәсілдерін бейімдеу, БЖБ/ТЖБ тапсырмаларын өзгерту және бағалау нәтижелерін негіздеу дағдыларын меңгереді. Сонымен қатар педагогикалық құжаттаманы жүргізу, мониторинг нәтижелерін тіркеу, ата-анамен серіктестік орнату және даулы жағдайларды құқықтық-этикалық тұрғыдан реттеу бойынша практикалық тәжірибе қалыптастырады.

Бағдарлама педагогтердің нормативтік-құқықтық сауаттылығын күшейтуге, инклюзивті білім беру жағдайында кәсіби жауапты әрі дәлелді шешім қабылдауына және ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға көрсетілетін педагогикалық қолдаудың сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

## 5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

### Модуль 1. Инклюзивті білім берудің нормативтік-құқықтық негіздері

<b>Модульдің мақсаты:</b>	Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде инклюзивті білім беруді ұйымдастырудың нормативтік-құқықтық негіздері туралы тыңдаушыларда жүйелі түсінік қалыптастыру, ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың білім алу құқықтарын қамтамасыз ету және білім беру ұйымында қолдау шараларын ұйымдастыру бойынша педагогтің кәсіби әрекетін нормативтік талаптармен байланыстыра түсіндіру.
<b>Модульдің міндеттері:</b>	Инклюзивті білім беру саласындағы қолданыстағы негізгі нормативтік-құқықтық құжаттардың мазмұнын ашып көрсету; ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың білім алу құқықтарын қамтамасыз етудегі білім беру ұйымы мен педагогтің міндеттерін түсіндіру; Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды қолдауды ұйымдастырудың құқықтық-педагогикалық шарттарын қарастыру;

	<p>педагогтің инклюзивті білім беру жағдайындағы кәсіби әрекетін нормативтік талаптармен байланыстыра талдау;  тыңдаушыларда нормативтік-құқықтық құжаттарды кәсіби тәжірибеде қолдануға бағытталған құқықтық сауаттылық пен жауапкершілік қалыптастыру.</p>
<p><b>Модульдің күтілетін нәтижелері:</b></p>	<p>Модульді аяқтағаннан кейін тыңдаушы:  Инклюзивті білім беру саласындағы қолданыстағы негізгі нормативтік-құқықтық құжаттарды біледі;  ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың білім алу құқықтарын қамтамасыз етудің негізгі талаптарын түсінеді;  білім беру ұйымында ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды қолдауды ұйымдастырудың құқықтық-педагогикалық шарттарын сипаттайды;  инклюзивті білім беру жағдайында педагогтің кәсіби әрекеті қандай нормативтік талаптарға негізделетінін түсіндіреді;  педагогикалық тәжірибеде нормативтік-құқықтық құжаттарды қолданудың маңызын түсінеді;  Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға қатысты педагогикалық шешім қабылдауда құқықтық сауаттылық пен кәсіби жауапкершілік танытады.</p>
<p><b>Модуль сипаттамасы:</b></p>	<p>Бұл модуль курсқа кіріспе болып табылады және педагогтердің инклюзивті білім беру жағдайындағы нормативтік-құқықтық құзыреттілігін қалыптастыруға негіз қалайды. Модуль аясында ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың білім алу құқықтарын қамтамасыз етуге, білім беру ұйымында қолдау шараларын ұйымдастыруға және педагогтің кәсіби әрекетін құқықтық тұрғыдан негіздеуге қатысты негізгі</p>

	<p>нормативтік-құқықтық құжаттар қарастырылады.</p> <p>Модуль мазмұнында инклюзивті білім беруді нормативтік-құқықтық қамтамасыз етудің негізгі бағыттары, білім алушылардың сапалы білімге қолжетімділігін қамтамасыз ету, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен қолдауда білім беру ұйымы мен педагогтің жауапкершілігі жүйелі түрде талданады. Бұл педагогтерге инклюзивті білім беру жағдайындағы өз кәсіби міндеттерін нақты түсінуге және күнделікті педагогикалық тәжірибеде нормативтік талаптарға сүйене отырып әрекет етуге мүмкіндік береді.</p> <p>Модульде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды қолдауды ұйымдастырудың құқықтық-педагогикалық шарттарына ерекше назар аударылады. Атап айтқанда, педагогтің білім алушының оқу қажеттіліктерін ескеруі, қолдау шараларын іске асыруы, ППҚҚ мамандарымен өзара әрекеттесуі, ата-аналармен байланыс орнатуы және педагогикалық шешімдерін құжаттық тұрғыдан негіздеуі қарастырылады.</p> <p>Сонымен қатар модуль педагогтердің құқықтық сауаттылығын, кәсіби жауапкершілігін және нормативтік құжаттарды практикалық қызметте қолдану қабілетін дамытуға бағытталған. Тыңдаушылар нормативтік-құқықтық құжаттарды тек теориялық деңгейде меңгеріп қана қоймай, оларды нақты педагогикалық жағдаяттармен байланыстырып талдауға, Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға қолдау көрсету барысында құқықтық негізделген шешім қабылдауға үйренеді.</p> <p>Осылайша, модуль инклюзивті білім беру жағдайында педагогтің кәсіби әрекетін құқықтық, педагогикалық және этикалық тұрғыдан дұрыс ұйымдастыруға қажетті</p>
--	---

	бастапқы	нормативтік	негізді
	қалыптастырады.		

## Модуль 2. Педагогтің кәсіби стандарты, құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі

Модульдің мақсаты:	Педагогтің кәсіби стандарты талаптары негізінде инклюзивті білім беру жағдайындағы кәсіби құзыреттерін, құқықтары мен міндеттерін, ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылармен жұмыс барысындағы кәсіби жауапкершілігін түсіндіру және педагогикалық әрекетті құқықтық тұрғыдан негіздеу дағдыларын қалыптастыру.
Модульдің міндеттері:	Педагогтің кәсіби стандартының инклюзивті білім беру жағдайындағы кәсіби құзыреттерге қатысты негізгі ережелерін түсіндіру; Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылармен жұмыс кезіндегі педагогтің кәсіби міндеттері мен жауапкершілігін ашып көрсету; педагогтің құқықтары мен кәсіби әрекетінің нормативтік негіздерін талдау; педагогикалық шешім қабылдауда құқықтық сауаттылық пен кәсіби жауапкершіліктің маңызын түсіндіру; тыңдаушыларда өз кәсіби әрекетін нормативтік-құқықтық құжаттарға сүйене отырып негіздеу дағдыларын қалыптастыру.
Модульдің нәтижелері:	Модульді аяқтағаннан кейін тыңдаушы: Педагогтің кәсіби стандартының инклюзивті білім беру жағдайындағы кәсіби құзыреттерге қатысты негізгі талаптарын біледі; Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылармен жұмыс кезіндегі педагогтің кәсіби міндеттері мен жауапкершілігін түсінеді;

	<p>педагогтің құқықтары мен міндеттерін нормативтік-құқықтық құжаттар негізінде сипаттайды;</p> <p>инклюзивті білім беру жағдайында педагогикалық шешім қабылдаудың құқықтық негіздерін түсіндіреді;</p> <p>кәсіби әрекетін нормативтік талаптарға сүйене отырып дәлелдей алады;</p> <p>Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылармен жұмыс барысында кәсіби жауапкершілік пен құқықтық сауаттылық танытады.</p>
<p>Модуль сипаттамасы:</p>	<p>Бұл модуль педагогтің инклюзивті білім беру жағдайындағы кәсіби рөлін, құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ кәсіби жауапкершілігін нормативтік-құқықтық тұрғыдан түсіндіруге бағытталған. Модуль аясында педагогтің кәсіби стандарты инклюзивті білім беру жағдайында педагогтің кәсіби құзыреттерін айқындайтын негізгі құжаттардың бірі ретінде қарастырылады.</p> <p>Модуль мазмұнында педагогтің кәсіби стандартына сәйкес инклюзивті білім беру ортасында жүзеге асыратын кәсіби қызметі, Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды оқыту мен қолдау барысындағы міндеттері, білім алушының жеке ерекшеліктерін ескеру, оқу процесін бейімдеу, ата-аналармен және ППҚҚ мамандарымен өзара әрекеттесу мәселелері талданады. Бұл педагогтерге өз кәсіби қызметін нормативтік талаптармен байланыстыра түсінуге мүмкіндік береді.</p> <p>Модульде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылармен жұмыс кезіндегі педагогтің кәсіби міндеттері мен жауапкершілігіне ерекше назар аударылады. Педагогтің білім алушының</p>

	<p>білім алу құқығын қамтамасыз етуі, оқу тапсырмаларын бейімдеуі, қолдау қызметі ұсынымдарын сабақ процесінде іске асыруы, оқу жетістіктерін бағалауы және педагогикалық құжаттаманы жүргізуі құқықтық-педагогикалық тұрғыдан қарастырылады.</p> <p>Сонымен қатар модуль педагогтің кәсіби әрекетін құқықтық тұрғыдан негіздеу және дәлелді шешім қабылдау қабілетін дамытуға бағытталған. Тыңдаушылар нақты педагогикалық жағдаяттар арқылы қандай жағдайда қандай нормативтік құжатқа сүйену, педагогикалық шешімді қалай негіздеу, өз әрекетін құжаттық тұрғыдан қалай дәлелдеу қажеттігін меңгереді.</p> <p>Осылайша, модуль педагогтердің инклюзивті білім беру жағдайында кәсіби стандарт талаптарын дұрыс түсінуіне, өз құқықтары мен міндеттерін нақты ажыратуына, ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылармен жұмыс барысында құқықтық сауатты және кәсіби жауапты әрекет етуіне негіз қалайды.</p>
--	--

**Модуль 3. Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау тәртібі және педагогикалық қолдауды ұйымдастыру**

<p>Модульдің мақсаты:</p>	<p>Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалаудың мақсаты, қағидалары мен ұйымдастыру тәртібі туралы тыңдаушыларда жүйелі түсінік қалыптастыру, білім алушының оқу қиындықтарын анықтау, бастапқы педагогикалық ақпарат дайындау және бағалау нәтижелерін оқу процесінде қолдану бойынша педагогтердің нормативтік-құқықтық және практикалық құзыреттіліктерін дамыту.</p>
---------------------------	--

<p>Модульдің міндеттері:</p>	<p>Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалаудың мақсаты, қағидалары және ұйымдастыру тәртібін түсіндіру;  білім алушының оқу қиындықтарын анықтау және сипаттау бойынша педагогтің кәсіби әрекетін нақтылау;  Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушы туралы бастапқы педагогикалық ақпарат дайындау жолдарын меңгерту;  бағалау нәтижелерін оқу процесінде қолдану және педагогикалық шешімді құжаттандыру тәсілдерін түсіндіру;  тыңдаушыларда ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау нәтижелерін педагогикалық қолдау шараларымен байланыстыра қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p>
<p>Модульдің күтілетін нәтижелері:</p>	<p>Модульді аяқтағаннан кейін тыңдаушы:  Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалаудың мақсаты, қағидалары және ұйымдастыру тәртібін біледі;  білім алушының оқу қиындықтарын педагогикалық тұрғыдан анықтау және сипаттау жолдарын түсінеді;  Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушы туралы бастапқы педагогикалық ақпарат дайындай алады;  бағалау нәтижелерін оқу процесінде қолдану жолдарын меңгереді;  педагогикалық шешімді құжаттандырудың маңызын түсінеді;  Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыға қолдау көрсету барысында бағалау нәтижелерін нормативтік талаптарға сәйкес қолданады.</p>
<p>Модуль сипаттамасы:</p>	<p>Бұл модуль ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау тәртібін түсіндіруге және бағалау нәтижелерін педагогикалық қолдауды ұйымдастыруда қолдануға бағытталған. Модуль аясында Ерекше</p>

білім беру қажеттіліктерін бағалаудың мақсаты, қағидалары, ұйымдастыру тәртібі, білім беру ұйымындағы педагогтің әрекеті және бағалау нәтижелерін оқу процесіне енгізу жолдары қарастырылады. Модуль мазмұнында ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау білім алушының оқу процесіне қатысуын, оқу тапсырмаларын орындау ерекшеліктерін, қарым-қатынасын, оқу мотивациясын және қолдау қажеттілігін анықтауға бағытталған педагогикалық процесс ретінде түсіндіріледі. Бұл педагогтерге білім алушының оқу қиындықтарын тек жалпы сипатта емес, нақты оқу әрекетімен байланыстыра талдауға мүмкіндік береді. Модульде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушы туралы бастапқы педагогикалық ақпарат дайындауға ерекше назар аударылады. Тыңдаушылар білім алушының оқу жетістіктері, тапсырманы орындау ерекшеліктері, сабаққа қатысуы, оқу қарқыны, түсіну деңгейі, мұғалім көмегін қажет етуі және қолдау қажеттілігі туралы ақпаратты жүйелі түрде рәсімдеу жолдарын меңгереді. Бұл ақпарат ППҚҚ мамандарының жұмысында, қолдау шараларын жоспарлауда және педагогикалық шешім қабылдауда маңызды негіз болып табылады. Сонымен қатар модульде бағалау нәтижелерін оқу процесінде қолдану мәселесі қарастырылады. Педагогтер ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау нәтижелерін сабақтағы тапсырмаларды бейімдеу, оқу материалын іріктеу, бағалау тәсілдерін өзгерту, қолдау қызметі ұсынымдарын орындау және білім

	<p>алушының даму динамикасын бақылау үшін пайдалануды үйренеді.</p> <p>Модуль педагогтердің ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау нәтижелерін нормативтік талаптармен байланыстыра түсінуіне, бастапқы педагогикалық ақпаратты дұрыс рәсімдеуіне және педагогикалық шешімдерін құжаттық тұрғыдан негіздеуіне мүмкіндік береді. Осылайша, модуль инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға қолдау көрсетудің жүйелі, дәлелді және құқықтық тұрғыдан негізделген тәжірибесін қалыптастыруға бағытталған.</p>
--	---

**Модуль 4. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметімен өзара әрекет және педагогтің рөлі**

<p>Модульдің мақсаты:</p>	<p>Білім беру ұйымындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс тәртібі туралы тыңдаушыларда жүйелі түсінік қалыптастыру, педагогтің ППҚҚ мамандарымен, әкімшілікпен және ата-анамен өзара әрекет алгоритмін меңгерту, сондай-ақ қолдау қызметі ұсынымдарын сабақ процесінде іске асыру және нәтижесін бақылау бойынша нормативтік-құқықтық және практикалық құзыреттіліктерін дамыту.</p>
<p>Модульдің міндеттері:</p>	<p>Білім беру ұйымындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс тәртібін түсіндіру; педагогтің ППҚҚ мамандарымен, әкімшілікпен және ата-анамен өзара әрекет алгоритмін ашып көрсету; ППҚҚ отырысына педагогикалық сипаттама, бақылау нәтижелері және оқу жетістігі туралы ақпарат дайындау жолдарын меңгерту;</p>

		қолдау қызметі ұсынымдарын сабақ процесінде іске асырудың педагогикалық және құқықтық негіздерін түсіндіру; тыңдаушыларда қолдау нәтижесін бақылау, талдау және құжаттық тұрғыдан негіздеу дағдыларын қалыптастыру.
Модульдің нәтижелері:	күтілетін	Модульді аяқтағаннан кейін тыңдаушы: Білім беру ұйымындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс тәртібін біледі; ППҚҚ мамандары, әкімшілік және ата-анамен өзара әрекетті ұйымдастыру алгоритмін түсінеді; ППҚҚ отырысына педагогикалық мінездеме, бақылау нәтижелері және оқу жетістігі туралы ақпарат дайындай алады; қолдау қызметі ұсынымдарын сабақ процесінде іске асыру жолдарын меңгереді; қолдау нәтижесін бақылау және талдау тәсілдерін қолданады; ППҚҚ мамандарымен өзара әрекет барысында педагогикалық шешімдерді нормативтік талаптарға сәйкес негіздей алады.
Модуль сипаттамасы:		Бұл модуль педагогтің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметімен өзара әрекетін ұйымдастыруға және ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға қолдау көрсету процесіндегі кәсіби рөлін нақтылауға бағытталған. Модуль аясында білім беру ұйымындағы ППҚҚ қызметінің жұмыс тәртібі, мамандардың бірлескен әрекеті, педагогтің қолдау процесіндегі міндеттері және қолдау қызметі ұсынымдарын сабақ процесінде іске асыру жолдары қарастырылады. Модуль мазмұнында ППҚҚ қызметі ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім

алушыларды қолдаудың маңызды ұйымдастырушылық тетігі ретінде түсіндіріледі. Педагогтің бұл процестегі рөлі білім алушының оқу әрекеті, сабаққа қатысуы, тапсырмаларды орындау ерекшеліктері, оқу жетістіктері және қолдау қажеттілігі туралы нақты педагогикалық ақпарат ұсынумен, мамандар ұсынымдарын оқу процесінде іске асырумен және нәтижесін бақылаумен байланыстырылады.

Модульде педагогтің ППҚҚ мамандарымен, әкімшілікпен және ата-анамен өзара әрекет алгоритміне ерекше назар аударылады. Тыңдаушылар білім алушыға қолдау көрсету кезінде ақпарат алмасу, бірлескен талқылауға дайындалу, педагогикалық сипаттама жасау, оқу жетістігі мен бақылау нәтижелері туралы мәліметтерді жүйелеу, қолдау шараларын келісу және оларды сабақ процесінде қолдану жолдарын меңгереді.

Сонымен қатар модульде ППҚҚ отырысына дайындалатын педагогикалық құжаттардың мазмұны қарастырылады. Педагогикалық мінездеме, бақылау нәтижелері, оқу жетістігі туралы ақпарат және қолдау нәтижесін сипаттайтын мәліметтер педагогтің кәсіби әрекетін дәлелдеудің және қолдау шараларын дұрыс жоспарлаудың маңызды негізі ретінде талданады.

Модульдің маңызды бөлігі қолдау қызметі ұсынымдарын сабақ процесінде іске асыруға арналған. Тыңдаушылар ППҚҚ мамандары ұсынған қолдау шараларын оқу тапсырмаларын бейімдеу, сабақтағы нұсқаулықты өзгерту, қосымша уақыт беру, оқу материалын қолжетімді ету,

	<p>қарым-қатынас тәсілдерін реттеу және бағалау тәсілдерін бейімдеу арқылы қолдану жолдарын қарастырады.</p> <p>Осылайша, модуль педагогтердің ППҚҚ қызметімен нормативтік талаптарға сәйкес өзара әрекет етуіне, қолдау шараларын сабақ процесінде жүйелі іске асыруына және ерекше білім беру қажеттіліктері тұрғыдан негіздеуіне мүмкіндік береді.</p>
--	---

**Модуль 5. Оқу процесін бейімдеу, бағалау және педагогикалық құжаттаманы жүргізу**

Модульдің мақсаты:	<p>Инклюзивті білім беру жағдайында оқу процесін бейімдеу, ҚМЖ әзірлеуде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға арналған сараланған және бейімделген тапсырмаларды жоспарлау және енгізу, оқу жетістіктерін бағалау, БЖБ/ТЖБ тапсырмаларын бейімдеу және педагогикалық құжаттаманы жүргізу бойынша тыңдаушылардың нормативтік-құқықтық және практикалық құзыреттіліктерін дамыту.</p>
Модульдің міндеттері:	<p>Оқу бағдарламасын, оқу тапсырмасын және оқу материалын бейімдеудің құқықтық негіздерін түсіндіру;</p> <p>ҚМЖ әзірлеуде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға арналған сараланған және бейімделген тапсырмаларды жоспарлау, енгізу және сабақ мақсатына сәйкес қолдану жолдарын меңгерту;</p> <p>Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау, БЖБ/ТЖБ тапсырмаларын бейімдеу және бағалау нәтижелерін негіздеу тәсілдерін қарастыру;</p> <p>педагогикалық құжаттаманы жүргізу, мониторинг нәтижелерін тіркеу және білім</p>

	<p>алушының даму динамикасын сипаттау дағдыларын қалыптастыру;  тыңдаушыларда оқу процесін бейімдеу, бағалау және педагогикалық шешімдерді нормативтік талаптарға сәйкес құжаттық тұрғыдан негіздеу қабілетін дамыту.</p>
<p>Модульдің нәтижелері:</p>	<p>күтілетін</p> <p>Модульді аяқтағаннан кейін тыңдаушы:  Оқу бағдарламасын, оқу тапсырмасын және оқу материалын бейімдеудің құқықтық негіздерін біледі;  ҚМЖ әзірлеуде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға арналған сараланған және бейімделген тапсырмаларды жоспарлайды және енгізеді;  оқу тапсырмаларын білім алушының жеке мүмкіндіктеріне, оқу қарқынына және қолдау қажеттілігіне қарай бейімдейді;  Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау ерекшеліктерін түсінеді;  БЖБ/ТЖБ тапсырмаларын бейімдеу және бағалау нәтижелерін негіздеу тәсілдерін меңгереді;  педагогикалық құжаттаманы жүргізеді, мониторинг нәтижелерін тіркейді және білім алушының даму динамикасын сипаттайды;  оқу процесін бейімдеу, бағалау және құжаттама жүргізу барысында нормативтік талаптарды сақтайды.</p>
<p>Модуль сипаттамасы:</p>	<p>Бұл модуль инклюзивті білім беру жағдайында оқу процесін бейімдеу, ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау және педагогикалық құжаттаманы жүргізу мәселелеріне арналған. Модуль мазмұнында оқу бағдарламасын, оқу тапсырмасын және оқу материалын бейімдеудің құқықтық негіздері, ҚМЖ</p>

	<p>өзірлеуде сараланған және бейімделген тапсырмаларды жоспарлау мен енгізу жолдары қарастырылады.</p> <p>Тыңдаушылар ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың жеке мүмкіндіктерін, оқу қарқынын және қолдау қажеттілігін ескере отырып, тапсырманың көлемін, күрделілік деңгейін, орындау уақытын, нұсқаулықты, көрнекілікті, дескрипторларды және бағалау тәсілдерін бейімдеу дағдыларын меңгереді.</p> <p>Модульде БЖБ/ТЖБ тапсырмаларын бейімдеу, бағалау нәтижелерін педагогикалық тұрғыдан негіздеу, мониторинг жүргізу және білім алушының даму динамикасын құжаттық түрде тіркеу мәселелеріне ерекше назар аударылады.</p> <p>Осылайша, модуль педагогтердің оқу процесін бейімдеу, ҚМЖ-ға ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға арналған тапсырмаларды енгізу, бағалау нәтижелерін негіздеу және педагогикалық құжаттаманы жүргізу бойынша нормативтік-құқықтық және практикалық құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған.</p>
--	---

**Модуль 6. Инклюзивті білім беру жағдайындағы педагогикалық әдеп, ата-анамен серіктестік және құқықтық қауіпсіздік**

<p>Модульдің мақсаты:</p>	<p>Инклюзивті білім беру жағдайында педагогикалық әдепті сақтау, ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың құқықтарын қорғау, ата-аналармен серіктестік орнату және даулы жағдайларды құқықтық-этикалық тұрғыдан реттеу бойынша тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерін дамыту.</p>
<p>Модульдің міндеттері:</p>	<p>Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың құқықтарын сақтау және</p>

	<p>ата-анамен серіктестік орнату қағидаларын түсіндіру;  инклюзивті ортадағы педагогикалық әдеп, құпиялылық және баланың қадір-қасиетін сақтау нормаларын меңгерту;  ата-анамен қарым-қатынаста құқықтық және этикалық талаптарды сақтау жолдарын қарастыру;  даулы жағдайларды құқықтық және этикалық тұрғыдан реттеу алгоритмін түсіндіру;  тыңдаушыларда педагогтің кәсіби құқықтық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған жауапты кәсіби ұстаным қалыптастыру.</p>
<p>Модульдің нәтижелері:</p> <p>күтілетін</p>	<p>Модульді аяқтағаннан кейін тыңдаушы: Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың құқықтарын сақтау қағидаларын біледі;  ата-анамен серіктестік орнатудың құқықтық және педагогикалық негіздерін түсінеді;  инклюзивті ортада педагогикалық әдеп, құпиялылық және баланың қадір-қасиетін сақтау талаптарын ұстанады;  ата-анамен қарым-қатынаста құқықтық және этикалық нормаларды қолданады;  даулы жағдайларды құқықтық және этикалық тұрғыдан реттеу алгоритмін меңгереді;  өз кәсіби әрекетін нормативтік талаптарға сәйкес негіздей алады.</p>
<p>Модуль сипаттамасы:</p>	<p>Бұл модуль инклюзивті білім беру жағдайында педагогикалық әдепті сақтау, ата-анамен серіктестік орнату және педагогтің кәсіби құқықтық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелеріне арналған. Модуль мазмұнында ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың құқықтарын сақтау, баланың қадір-қасиетін</p>

	<p>құрметтеу, құпиялылықты қамтамасыз ету және педагогикалық қарым-қатынасты этикалық нормаларға сәйкес ұйымдастыру жолдары қарастырылады. Модульде ата-аналармен өзара әрекеттесудің құқықтық және педагогикалық негіздеріне ерекше назар аударылады. Тыңдаушылар ата-анамен ақпарат алмасу, қолдау шараларын түсіндіру, педагогикалық шешімдерді негіздеу және серіктестік қарым-қатынас құру тәсілдерін меңгереді. Сонымен қатар модульде инклюзивті білім беру жағдайында туындауы мүмкін даулы жағдайларды құқықтық және этикалық тұрғыдан реттеу алгоритмі қарастырылады. Тыңдаушылар өз кәсіби әрекетін нормативтік талаптарға сәйкес түсіндіру, дәлелдеу және құжаттық тұрғыдан негіздеу жолдарын үйренеді. Осылайша, модуль педагогтердің инклюзивті ортада кәсіби әдепті сақтай отырып әрекет етуіне, ата-аналармен тиімді серіктестік орнатуына және кәсіби құқықтық қауіпсіздігін қамтамасыз етуіне бағытталған.</p>
--	--

**80 академиялық сағатқа арналған аудиториялық оқытудың оқу-тақырыптық жоспары**

№	Модульдер мен тақырыптардың атауы	Дәріс	Практикалық сабақ	Семинар	Барлығы
1	Инклюзивті білім берудің нормативтік-құқықтық негіздері	4	5	3	12

1.1	Инклюзивті білім беруді нормативтік-құқықтық қамтамасыз етудің негізгі бағыттары	2	1	1	4
1.2	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың білім алу құқықтарын қамтамасыз етудің құқықтық негіздері	1	2	1	4
1.3	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды қолдауды ұйымдастырудың құқықтық-педагогикалық шарттары	1	2	1	4
<b>2</b>	<b>Педагогтің кәсіби стандарты, құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі</b>	<b>4</b>	<b>5</b>	<b>3</b>	<b>12</b>
2.1	Педагогтің кәсіби стандарты: инклюзивті білім беру жағдайындағы кәсіби құзыреттері	2	1	1	4
2.2	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылармен жұмыс кезіндегі педагогтің кәсіби міндеттері мен жауапкершілігі	1	2	1	4
2.3	Педагогтің кәсіби әрекетін құқықтық тұрғыдан негіздеу	1	2	1	4
<b>3</b>	<b>Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау тәртібі және педагогикалық қолдауды ұйымдастыру</b>	<b>4</b>	<b>5</b>	<b>3</b>	<b>12</b>
3.1	Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалаудың мақсаты, қағидалары және ұйымдастыру тәртібі	2	1	1	4
3.2	Білім алушының оқу қиындықтарын анықтау және педагогикалық ақпарат дайындау	1	2	1	4
3.3	Бағалау нәтижелерін оқу процесінде қолдану және педагогикалық шешімді құжаттандыру	1	2	1	4
<b>4</b>	<b>Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметімен өзара әрекет және педагогтің рөлі</b>	<b>4</b>	<b>6</b>	<b>4</b>	<b>14</b>
4.1	Білім беру ұйымындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс тәртібі	1	1	1	3
4.2	Педагогтің ППҚҚ мамандарымен, әкімшілікпен және ата-анамен өзара әрекет алгоритмі	1	2	1	4
4.3	ППҚҚ отырысына педагогикалық мінездеме, бақылау нәтижелері және оқу жетістігі туралы ақпарат дайындау	1	2	1	4
4.4	Қолдау қызметі ұсынымдарын сабақ процесінде іске асыру және нәтижесін бақылау	1	1	1	3
<b>5</b>	<b>Оқу процесін бейімдеу, бағалау және педагогикалық құжаттаманы жүргізу</b>	<b>5</b>	<b>9</b>	<b>4</b>	<b>18</b>
5.1	Оқу бағдарламасын, оқу тапсырмасын және оқу материалын бейімдеудің құқықтық негіздері	1	2	1	4
5.2	ҚМЖ-ға сараланған және бейімделген тапсырмаларды енгізудің әдістемелік негіздері	1	3	1	5
5.3	БЖБ/ТЖБ тапсырмаларын бейімдеу және бағалау нәтижелерін педагогикалық негіздеу	2	2	1	5

5.4	Педагогикалық құжаттама, мониторинг және даму динамикасын тіркеу	1	2	1	4
6	<b>Инклюзивті білім беру жағдайындағы педагогикалық әдеп, ата-анамен серіктестік және құқықтық қауіпсіздік</b>	<b>3</b>	<b>6</b>	<b>3</b>	<b>12</b>
6.1	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың құқықтарын сақтау және ата-анамен серіктестік	1	2	1	4
6.2	Инклюзивті ортадағы педагогикалық әдеп, құпиялылық және баланың қадір-қасиетін сақтау қағидалары	1	2	1	4
6.3	Ата-анамен даулы жағдайларды құқықтық-этикалық тұрғыдан реттеу	1	2	1	4
<b>Барлығы</b>		<b>24</b>	<b>36</b>	<b>20</b>	<b>80</b>

**80 академиялық сағатқа арналған қашықтан оқытудың оқу-тақырыптық жоспары**

№				Т ы ң д а у ш ы н ы ң ө з і н д і к ж ұ м ы с т а р ы	Б а р л ы ғ ы
	<b>Модульдер мен тақырыптардың атауы</b>	<b>Ви де ос аб ақ та р</b>	<b>В е б и н а р</b>		

<b>1</b>	<b>Инклюзивті білім берудің нормативтік-құқықтық негіздері</b>	<b>4</b>	<b>3</b>	<b>5</b>	<b>12</b>
1.1	Инклюзивті білім беруді нормативтік-құқықтық қамтамасыз етудің негізгі бағыттары	2	1	1	4
1.2	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың білім алу құқықтарын қамтамасыз етудің құқықтық негіздері	1	1	2	4
1.3	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды қолдауды ұйымдастырудың құқықтық-педагогикалық шарттары	1	1	2	4
<b>2</b>	<b>Педагогтің кәсіби стандарты, құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі</b>	<b>4</b>	<b>3</b>	<b>5</b>	<b>12</b>
2.1	Педагогтің кәсіби стандарты: инклюзивті білім беру жағдайындағы кәсіби құзыреттері	2	1	1	4
2.2	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылармен жұмыс кезіндегі педагогтің кәсіби міндеттері мен жауапкершілігі	1	1	2	4
2.3	Педагогтің кәсіби әрекетін құқықтық тұрғыдан негіздеу	1	1	2	4
<b>3</b>	<b>Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау тәртібі және педагогикалық қолдауды ұйымдастыру</b>	<b>4</b>	<b>3</b>	<b>5</b>	<b>12</b>
3.1	Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалаудың мақсаты, қағидалары және ұйымдастыру тәртібі	2	1	1	4
3.2	Білім алушының оқу қиындықтарын анықтау және педагогикалық ақпарат дайындау	1	1	2	4
3.3	Бағалау нәтижелерін оқу процесінде қолдану және педагогикалық шешімді құжаттандыру	1	1	2	4
<b>4</b>	<b>Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметімен өзара әрекет және педагогтің рөлі</b>	<b>4</b>	<b>4</b>	<b>6</b>	<b>14</b>
4.1	Білім беру ұйымындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс тәртібі	1	1	1	3
4.2	Педагогтің ППҚҚ мамандарымен, әкімшілікпен және ата-анамен өзара әрекет алгоритмі	1	1	2	4
4.3	ППҚҚ отырысына педагогикалық мінездеме, бақылау нәтижелері және оқу жетістігі туралы ақпарат дайындау	1	1	2	4
4.4	Қолдау қызметі ұсынымдарын сабақ процесінде іске асыру және нәтижесін бақылау	1	1	1	3
<b>5</b>	<b>Оқу процесін бейімдеу, бағалау және педагогикалық құжаттаманы жүргізу</b>	<b>5</b>	<b>4</b>	<b>9</b>	<b>18</b>
5.1	Оқу бағдарламасын, оқу тапсырмасын және оқу материалын бейімдеудің құқықтық негіздері	1	1	2	4
5.2	ҚМЖ-ға сараланған және бейімделген тапсырмаларды енгізудің әдістемелік негіздері	1	1	3	5

5.3	БЖБ/ТЖБ тапсырмаларын бейімдеу және бағалау нәтижелерін педагогикалық негіздеу	2	1	2	5
5.4	Педагогикалық құжаттама, мониторинг және даму динамикасын тіркеу	1	1	2	4
6	<b>Инклюзивті білім беру жағдайындағы педагогикалық әдеп, ата-анамен серіктестік және құқықтық қауіпсіздік</b>	<b>3</b>	<b>3</b>	<b>6</b>	<b>12</b>
6.1	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың құқықтарын сақтау және ата-анамен серіктестік	1	1	2	4
6.2	Инклюзивті ортадағы педагогикалық әдеп, құпиялылық және баланың қадір-қасиетін сақтау қағидалары	1	1	2	4
6.3	Ата-анамен даулы жағдайларды құқықтық-этикалық тұрғыдан реттеу	1	1	2	4
<b>Барлығы</b>		<b>24</b>	<b>20</b>	<b>36</b>	<b>80</b>

## 6. Оқу процесін ұйымдастыру

«Инклюзивті білім беруді ұйымдастыруда педагогтердің нормативтік-құқықтық құзыреттілігін дамыту» атты біліктілікті арттыру курсының оқу бағдарламасы бойынша оқу процесі модульдік құрылым, практикаға бағытталған оқыту форматтары және заманауи цифрлық білім беру технологиялары негізінде ұйымдастырылады. Бағдарлама мазмұны педагогтердің инклюзивті білім беру жағдайында нормативтік-құқықтық құжаттарды кәсіби тәжірибеде қолдану, Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды қолдау, оқу процесін бейімдеу, бағалау нәтижелерін негіздеу және педагогикалық құжаттаманы жүргізу құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған.

**Бағдарламаны іске асыру көлемі:**

80 академиялық сағат.

**Оқыту формалары:**

**Аудиториялық оқыту:** дәрістер, практикалық сабақтар және семинарлар оқытушының тікелей қатысуымен, нормативтік құжаттармен жұмыс, құқықтық-педагогикалық кейстерді талдау және практикалық тапсырмалар орындау арқылы жүргізіледі.

**Қашықтан оқыту:** видеосабақтар, вебинарлар, онлайн тапсырмалар, цифрлық платформадағы өзіндік жұмыстар, кері байланыс және қорытынды аттестаттау онлайн форматта ұйымдастырылады.

**Оқу процесінің құрылымы келесі компоненттерден тұрады:**

**Видеосабақтар:** әр модуль бойынша асинхронды оқу материалдары, презентациялар, нормативтік-құқықтық құжаттарға шолу, түсіндірме материалдар және инклюзивті білім беру тәжірибесінен алынған нақты мысалдар негізінде ұсынылады.

**Вебинарлар:** оқытушымен синхронды онлайн кездесулер түрінде өткізіледі. Вебинарларда нормативтік-құқықтық актілерді қолдану, ерекше білім

беру қажеттіліктері бар білім алушыларды қолдау, ППҚҚ мамандарымен өзара әрекет, ҚМЖ-ға бейімделген тапсырмаларды енгізу, БЖБ/ТЖБ тапсырмаларын бейімдеу және ата-анамен даулы жағдайларды құқықтық-этикалық тұрғыдан реттеу мәселелері талқыланады.

**Дәрістер:** инклюзивті білім берудің нормативтік-құқықтық негіздері, педагогтің кәсіби стандарты, ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау тәртібі, ППҚҚ қызметімен өзара әрекет, оқу процесін бейімдеу, бағалау және педагогикалық құжаттаманы жүргізу бойынша теориялық және құқықтық негіздерді меңгеруге бағытталады.

**Практикалық сабақтар:** нормативтік құжаттарды талдау, нақты педагогикалық жағдаяттарды шешу, ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушы туралы педагогикалық ақпарат дайындау, ППҚҚ отырысына педагогикалық сипаттама әзірлеу, ҚМЖ-ға сараланған және бейімделген тапсырмаларды енгізу, БЖБ/ТЖБ тапсырмаларын бейімдеу, бағалау нәтижелерін негіздеу және мониторинг материалдарын рәсімдеу арқылы ұйымдастырылады.

**Семинарлар:** тәжірибе алмасу, пікірталас, құқықтық-педагогикалық кейстерді талдау, ата-анамен серіктестік орнату, педагогикалық әдеп, құпиялылық, баланың қадір-қасиетін сақтау және педагогтің кәсіби құқықтық қауіпсіздігі мәселелерін талқылауға бағытталады.

**Тыңдаушының өзіндік жұмысы:** нормативтік-құқықтық құжаттармен жұмыс істеу, педагогикалық жағдаяттарды талдау, ҚМЖ фрагментін әзірлеу, ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыға арналған бейімделген тапсырма дайындау, бағалау нәтижелерін негіздеу, педагогикалық мінездеме жазу, мониторинг кестесін толтыру және ата-анамен өзара әрекетке арналған құқықтық-этикалық алгоритм әзірлеу арқылы жүзеге асырылады.

**Қорытынды аттестаттау:** модульдер мазмұны бойынша тестілеу, практикалық кейсті талдау және қорытынды жобаны қорғау түрінде өткізіледі. Қорытынды жоба ретінде тыңдаушы инклюзивті білім беру жағдайындағы нақты педагогикалық жағдаят бойынша нормативтік-құқықтық әрекет алгоритмін, ҚМЖ-ға енгізілген бейімделген тапсырма үлгісін, бағалау нәтижесін негіздеу жолдарын және қажетті педагогикалық құжаттама үлгілерін ұсынады.

**Бақылау және кері байланыс түрлері:**

- Әр модуль бойынша ағымдағы практикалық тапсырмалар;
- нормативтік-құқықтық құжаттарды талдау жұмыстары;
- құқықтық-педагогикалық кейстерді шешу;
- ҚМЖ, БЖБ/ТЖБ, педагогикалық мінездеме және мониторинг материалдарын әзірлеу;
- онлайн платформа, форум немесе қолдау чаты арқылы кері байланыс;
- қорытынды жұмысты сараптамалық бағалау.

**Қашықтан оқытуға арналған техникалық жағдайлар:**

- Білім беру платформаларына қолжетімділік: Google Classroom, Moodle, Microsoft Teams және басқа платформалар;
- вебинарлар өткізу үшін Zoom немесе Google Meet платформаларын қолдану;
- цифрлық оқу контенті: видеоматериалдар, презентациялар, нормативтік-құқықтық құжаттар, әдістемелік ұсынымдар, тапсырма үлгілері және құжаттама шаблондары;
- тыңдаушылардың өзіндік жұмыстарын жүктеу, тексеру және кері байланыс беру мүмкіндігі.

#### **Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету:**

- Әр модуль бойынша оқу-әдістемелік материалдар;
- нормативтік-құқықтық актілер жинағы;
- практикалық және өзіндік жұмыстарға арналған тапсырмалар;
- Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушы туралы педагогикалық ақпарат үлгісі;
- ППҚҚ отырысына педагогикалық мінездеме үлгісі;
- ҚМЖ-ға бейімделген тапсырма енгізу үлгісі;
- БЖБ/ТЖБ тапсырмаларын бейімдеу үлгілері;
- бағалау нәтижелерін негіздеу үлгісі;
- мониторинг және даму динамикасын тіркеу парағы;
- ата-анамен даулы жағдайларды құқықтық-этикалық тұрғыдан реттеу алгоритмі;
- қорытынды жобаны орындауға арналған нұсқаулық.

#### **Оқу процесін ұйымдастыру келесі негіздерді ескереді:**

- педагогтердің біліктілігін арттыру бағдарламаларына қойылатын қолданыстағы нормативтік талаптарды;
- инклюзивті білім беру жағдайында педагогтердің нормативтік-құқықтық құзыреттілігін дамыту қажеттілігін;
- Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға қолдау көрсетудің құқықтық, педагогикалық және этикалық негіздерін;
- ППҚҚ мамандарымен, әкімшілікпен және ата-аналармен өзара әрекетті ұйымдастыру талаптарын;
- оқу процесін бейімдеу, бағалау нәтижелерін негіздеу және педагогикалық құжаттаманы жүргізудің практикалық маңызын;
- икемділік, қолжетімділік, практикаға бағдарлану және цифрлық үйлесімділік қағидаларын.

### **7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету**

Біліктілікті арттыру бағдарламасының оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі модульдік оқыту, практикаға бағытталған тапсырмалар, құқықтық-педагогикалық кейстерді талдау, рефлексиялық тәсіл және тыңдаушылардың кәсіби тәжірибесін өзектілендіру қағидаларына негізделген.

Бағдарлама өзара байланысқан алты модульден тұрады. Әр модуль педагогтердің инклюзивті білім беру жағдайындағы нормативтік-құқықтық құзыреттілігін дамытуға, ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың білім алу құқықтарын қамтамасыз етуге, педагогтің кәсіби міндеттері мен жауапкершілігін түсінуге, ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау нәтижелерін оқу процесінде қолдануға, ППҚҚ мамандарымен өзара әрекет жасауға, оқу процесін бейімдеуге, бағалау нәтижелерін негіздеуге және педагогикалық құжаттаманы жүргізуге бағытталған оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз етіледі.

### **Әрбір модульдің әдістемелік құрылымы**

#### **Теориялық блок**

Теориялық блок дәрістер, бейнедәрістер, презентациялар, түсіндірме мәтіндер, нормативтік-құқықтық құжаттардан үзінділер және әдістемелік ұсынымдар арқылы жүзеге асырылады. Бұл блокта инклюзивті білім берудің құқықтық негіздері, педагогтің кәсіби стандарты, ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау тәртібі, ППҚҚ қызметінің жұмыс тәртібі, оқу процесін бейімдеу, бағалау және педагогикалық құжаттаманы жүргізудің негізгі талаптары қарастырылады.

#### **Тәжірибеге бағытталған блок**

Тәжірибеге бағытталған блок нақты педагогикалық жағдаяттарды талдау, құқықтық-педагогикалық кейстермен жұмыс, ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушы туралы педагогикалық ақпарат дайындау, ППҚҚ отырысына педагогикалық сипаттама әзірлеу, ҚМЖ-ға сараланған және бейімделген тапсырмалар енгізу, БЖБ/ТЖБ тапсырмаларын бейімдеу, бағалау нәтижелерін негіздеу және мониторинг материалдарын рәсімдеу арқылы ұйымдастырылады.

#### **Бақылау-бағалау блогы**

Бақылау-бағалау блогы тест тапсырмалары, кейстік тапсырмалар, өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар, чек-парақтар, құзыреттілікті бағалау матрицалары, рефлексия парақтары және қорытынды жобаны бағалау критерийлері арқылы жүзеге асырылады. Бұл блок тыңдаушылардың нормативтік-құқықтық құжаттарды түсінуін, оларды кәсіби тәжірибеде қолдануын және педагогикалық шешімдерді құжаттық тұрғыдан негіздеу дағдыларын бағалауға мүмкіндік береді.

#### **Жалпы дидактикалық қамтамасыз ету**

Бағдарлама бойынша тыңдаушыларға келесі оқу-әдістемелік материалдар ұсынылады:

- нормативтік-құқықтық актілер жинағы;
- әр модуль бойынша дәріс мәтіндері мен презентациялар;
- практикалық және өзіндік жұмыстарға арналған тапсырмалар;
- құқықтық-педагогикалық кейстер;
- Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушы туралы педагогикалық ақпарат үлгісі;
- ППҚҚ отырысына педагогикалық сипаттама үлгісі;

- ҚМЖ-ға сараланған және бейімделген тапсырма енгізу үлгісі;
- БЖБ/ТЖБ тапсырмаларын бейімдеу үлгілері;
- бағалау нәтижелерін педагогикалық негіздеу үлгісі;
- мониторинг және даму динамикасын тіркеу парағы;
- ата-анамен даулы жағдайларды құқықтық-этикалық тұрғыдан реттеу алгоритмі;
- тыңдаушының өзін-өзі бағалау және рефлексия парақтары;
- қорытынды жобаны орындауға арналған әдістемелік нұсқаулық.

Қашықтан оқыту форматында оқу материалдары LMS-платформада орналастырылады. Тыңдаушылар дәрістерге, презентацияларға, нормативтік базаға, тапсырмаларға, құжат үлгілеріне, бағалау критерийлеріне және кері байланыс құралдарына қол жеткізеді. Оқу процесінде онлайн консультациялар, форумдар, чаттар және вебинарлар арқылы әдістемелік қолдау көрсетіледі.

### **Модульдік оқу-әдістемелік мазмұны**

#### **Модуль 1. Инклюзивті білім берудің нормативтік-құқықтық негіздері**

**Материал:** Инклюзивті білім беруді нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету бойынша негізгі құжаттар жинағы; ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың білім алу құқықтарын қамтамасыз етуге қатысты заңнамалық нормалар; білім беру ұйымында қолдау шараларын ұйымдастырудың құқықтық-педагогикалық шарттары бойынша түсіндірме материалдар.

**Интерактив:** «Нормативтік құжат – педагогтің әрекеті – күтілетін нәтиже» кестесін толтыру; инклюзивті білім беру жағдайындағы құқықтық-педагогикалық жағдаяттарды талдау.

**Өзін-өзі бағалау:** «Нормативтік-құқықтық құжаттарды кәсіби тәжірибеде қолдану деңгейім» чек-парағы.

**Тапсырма:** Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыны қолдауға қатысты нақты педагогикалық жағдай бойынша қолданылатын нормативтік негіздерді анықтау және педагогтің әрекет алгоритмін ұсыну.

#### **Модуль 2. Педагогтің кәсіби стандарты, құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі**

**Материал:** Педагогтің кәсіби стандартына қатысты түсіндірме материалдар; инклюзивті білім беру жағдайындағы педагогтің кәсіби құзыреттері, құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі бойынша кестелер мен сызбалар.

**Интерактив:** «Педагогтің кәсіби құзыреттері және инклюзивті тәжірибедегі әрекеті» картасын құрастыру; кәсіби жауапкершілікке қатысты кейстерді талдау.

**Өзін-өзі бағалау:** «Инклюзивті білім беру жағдайындағы кәсіби міндеттерім мен жауапкершілігім» чек-парағы.

**Тапсырма:** Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушымен жұмыс кезіндегі педагогтің құқықтары, міндеттері және кәсіби әрекетін құқықтық тұрғыдан негіздеу бойынша қысқаша талдау дайындау.

### **Модуль 3. Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау тәртібі және педагогикалық қолдауды ұйымдастыру**

**Материал:** Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау тәртібі бойынша әдістемелік материалдар; білім алушының оқу қиындықтарын сипаттау үлгілері; бастапқы педагогикалық ақпарат дайындау нұсқаулығы.

**Интерактив:** Кейс негізінде білім алушының оқу қиындықтарын талдау; педагогикалық ақпаратты құрылымдау; бағалау нәтижесін оқу процесімен байланыстыру.

**Өзін-өзі бағалау:** «Білім алушының оқу қиындықтарын сипаттау және педагогикалық ақпарат дайындау дағдыларым» шкаласы.

**Тапсырма:** Берілген кейс бойынша ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушы туралы бастапқы педагогикалық ақпарат дайындау және бағалау нәтижесін оқу процесінде қолдану жолдарын ұсыну.

### **Модуль 4. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметімен өзара әрекет және педагогтің рөлі**

**Материал:** ППҚҚ қызметінің жұмыс тәртібі бойынша түсіндірме материалдар; ППҚҚ мамандарымен, әкімшілікпен және ата-анамен өзара әрекет алгоритмі; ППҚҚ отырысына педагогикалық сипаттама және оқу жетістігі туралы ақпарат дайындау үлгілері.

**Интерактив:** ППҚҚ отырысына дайындық сценарийін талдау; педагог, ППҚҚ мамандары, әкімшілік және ата-ана арасындағы өзара әрекет моделін құрастыру.

**Өзін-өзі бағалау:** «ППҚҚ мамандарымен өзара әрекеттесу және педагогикалық ақпарат ұсыну деңгейім» чек-парағы.

**Тапсырма:** ППҚҚ отырысына ұсынылатын педагогикалық мінездеме, бақылау нәтижелері және оқу жетістігі туралы ақпарат дайындау.

### **Модуль 5. Оқу процесін бейімдеу, бағалау және педагогикалық құжаттаманы жүргізу**

**Материал:** Оқу бағдарламасын, оқу тапсырмасын және оқу материалын бейімдеу бойынша әдістемелік нұсқаулықтар; ҚМЖ-ға сараланған және бейімделген тапсырмаларды енгізу үлгілері; БЖБ/ТЖБ тапсырмаларын бейімдеу және бағалау нәтижелерін негіздеу материалдары; мониторинг парақтары.

**Интерактив:** ҚМЖ фрагментін талдау; ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыға арналған тапсырманы бейімдеу; бағалау критерийі мен дескрипторды нақтылау; БЖБ/ТЖБ тапсырмаларын бейімдеу бойынша топтық жұмыс.

**Өзін-өзі бағалау:** «ҚМЖ-ға бейімделген тапсырма енгізу және бағалау нәтижесін негіздеу дағдыларым» чек-парағы.

**Тапсырма:** ҚМЖ-ға ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға арналған сараланған немесе бейімделген тапсырма енгізу, бағалау дескрипторын нақтылау және бағалау нәтижесін педагогикалық тұрғыдан негіздеу.

## **Модуль 6. Инклюзивті білім беру жағдайындағы педагогикалық әдеп, ата-анамен серіктестік және құқықтық қауіпсіздік**

**Материал:** Педагогикалық әдеп, құпиялылық, баланың қадір-қасиетін сақтау және ата-анамен серіктестік орнату бойынша әдістемелік материалдар; даулы жағдайларды құқықтық-этикалық тұрғыдан реттеу алгоритмі; педагогтің кәсіби құқықтық қауіпсіздігі бойынша чек-парақтар.

**Интерактив:** Ата-анамен қарым-қатынасқа қатысты кейстерді талдау; даулы жағдайларды шешу алгоритмін құрастыру; педагогикалық әдеп нормаларын қолдану бойынша жағдаяттық тапсырмалар.

**Өзін-өзі бағалау:** «Педагогикалық әдеп және кәсіби құқықтық қауіпсіздік деңгейім» рефлексия парағы.

**Тапсырма:** Ата-анамен даулы жағдайға қатысты құқықтық-этикалық әрекет алгоритмін әзірлеу және педагогтің кәсіби әрекетін нормативтік құжаттарға сүйене отырып негіздеу.

### **Оқу материалдарының форматтары:**

Бағдарлама бойынша оқу материалдары тыңдаушылардың инклюзивті білім беру жағдайындағы нормативтік-құқықтық құзыреттілігін дамытуға, кәсіби тәжірибеде қолданылатын құжаттармен жұмыс істеуіне және практикалық тапсырмаларды орындауына ыңғайлы форматта ұсынылады.

Оқу материалдарының негізгі форматтары:

- PDF-брошюралар, әдістемелік ұсынымдар, интерактивті кестелер және құжат үлгілері;
- бейнетүсіндірмелер, презентациялар, терминологиялық глоссарийлер;
- нормативтік-құқықтық құжаттармен жұмыс істеуге арналған нұсқаулықтар;
- ҚМЖ-ға сараланған және бейімделген тапсырмаларды енгізу үлгілері;
- БЖБ/ТЖБ тапсырмаларын бейімдеу және бағалау нәтижелерін негіздеу бойынша практикалық материалдар;
- педагогикалық мінездеме, бастапқы педагогикалық ақпарат, мониторинг және даму динамикасын тіркеу үлгілері;
- ата-анамен даулы жағдайларды құқықтық-этикалық тұрғыдан реттеуге арналған алгоритмдер;
- қазақ және орыс тілдеріндегі нормативтік-құқықтық терминология бойынша екі тілді ресурстар.

### **Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі**

- Инклюзивті білім берудің кәсіби және нормативтік-құқықтық контекстін терең түсінуді;
- ППҚҚ аясында педагогтің қолданбалы құралдарын дамытуды;
- пәнаралық және командалық өзара әрекет жағдайында тиімді жұмыс істеуді;

- Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды қолдау, оқу процесін бейімдеу, бағалау нәтижелерін негіздеу және кәсіби құқықтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету дағдыларын қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

**Модульдер бойынша өзін-өзі бағалаудың типтік критерийлері:**

<b>Критерийлер</b>	<b>Бағаланатын аспектілер</b>	<b>Бағалау шкаласы (мысал)</b>
Модуль мазмұнын түсіну	Тақырыптың негізгі ұғымдарын, нормативтік негіздерін, мақсаттары мен міндеттерін білу	1 – түсінбедім → 5 – толық түсіндім
Практикада қолдану мүмкіндігі	Оқылған материалды өз қызметінде қолдану қабілеті	1 – қиындық туады → 5 – жеңіл енгіземін
Нормативтік-құқықтық әрекеттегі сенімділік	Нормативтік құжаттарға сүйеніп шешім қабылдау, оқу процесін бейімдеу және педагогикалық әрекетті құжаттық негіздеудегі сенімділік	1 – сенімсіз → 5 – сенімдімін
Құралдарды пайдалану	Шаблондарды, нормативтік актілерді, чек-парақтарды, цифрлық ресурстарды қолдану қабілеті	1 – қолданбаймын → 5 – үнемі қолданамын
Командалық өзара әрекеттесу	ППҚҚ мамандарымен, әріптестермен және ата-аналармен өзара әрекеттесу, қолдау шараларын келісу және педагогикалық ақпарат ұсыну қабілеті	1 – қиындықтар бар → 5 – тиімді әрекет етемін
Рефлексия және даму	Өз қызметін талдау және өсу мақсаттарын қою қабілеті	1 – талдамаймын → 5 – тұрақты рефлексия жасаймын

**Тыңдаушылардың өзін-өзі бағалау формалары**

Өзін-өзі бағалау – бағдарламаның маңызды компоненті. Ол педагогтердің инклюзивті білім беру жағдайындағы нормативтік-құқықтық құзыреттілігін, кәсіби рефлексиясын және практикалық дағдыларын дамытуға, сондай-ақ оқу мазмұнын меңгеру барысында жеке өсу динамикасын түсінуге бағытталған.

Өзін-өзі бағалау құралдары әр модуль бойынша және бағдарламаның қорытынды бөлімінде ұсынылады. Олар тыңдаушылардың нормативтік-құқықтық құжаттарды түсінуіне, оларды кәсіби тәжірибеде қолдануға дайындық деңгейін анықтауына, кәсіби дамуға бағдарлануына және өз тәжірибесін саналы талдауына ықпал етеді. Барлық материалдар оқу-әдістемелік пакетке енгізіледі және қолдану бойынша нұсқаулықтармен сүйемелденеді.

### **Модульдер аясындағы өзін-өзі бағалаудың кезеңдік формалары**

#### **Модульдік чек-парақтар**

Тыңдаушы әр модуль бойынша негізгі ұғымдарды, нормативтік-құқықтық негіздерді, практикалық дағдыларды және кәсіби әрекет алгоритмдерін меңгеру деңгейін бағалайды. Чек-парақтар Google Forms, Word немесе қағаз түрінде ұсынылуы мүмкін.

#### **«Жеке жетістіктер парағы»**

Форматы: «дейін/кейін» графасы. Бұл құрал модульді оқуға дейінгі және кейінгі игерілген білім мен дағдыларды салыстыруға, жеке прогресті тіркеуге көмектеседі.

#### **Педагогтің нормативтік-құқықтық құзыреттілік картасы**

Негізгі кәсіби әрекеттерді қамтитын өз бетінше толтырылатын кесте. Онда тыңдаушы нормативтік құжаттарды қолдану, ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды қолдау, ҚМЖ-ға бейімделген тапсырма енгізу, БЖБ/ТЖБ тапсырмаларын бейімдеу, ППҚҚ мамандарымен және ата-анамен өзара әрекет деңгейін белгілейді.

#### **Рефлексиялық күнделік**

Бағдарламаны меңгеру барысында туындайтын қиындықтар, жетістіктер, кәсіби ойлар мен тәжірибеде қолдануға болатын идеялар туралы қысқаша жазбалар. Еркін формада ұсынылуы мүмкін.

#### **«Менің даму аймақтарым» қорытынды кестесі**

Әрі қарай дамытуды қажет ететін құзыреттіліктерді талдауға арналған құрал. Кесте әр модульдің соңында немесе бүкіл бағдарламаның соңында құрастырылады.

#### **Оқу аяқталғаннан кейінгі қорытынды өзін-өзі бағалау**

##### **Сенімділік рейтингі**

Тыңдаушы бағдарламаның негізгі блоктары бойынша кәсіби әрекеттерді орындаудағы сенімділігін 1-ден 5-ке дейінгі шкала бойынша бағалайды. Бағалау нормативтік құжаттарды қолдану, педагогикалық шешімді негіздеу, оқу процесін бейімдеу, бағалау нәтижелерін құжаттандыру және ата-анамен өзара әрекет бағыттарын қамтиды.

##### **Рефлексиялық сұрақтарға жауап беру:**

- Бағдарламадағы қандай ақпарат мен үшін жаңа және маңызды болды?
- Мен өз жұмысымда қандай нормативтік-құқықтық құжаттарды және практикалық құралдарды қолдана аламын?

- ҚМЖ, БЖБ/ТЖБ, педагогикалық құжаттама немесе ППҚҚ-пен өзара әрекет бойынша қандай дағдыларымды жетілдіру қажет?
- Әрі қарай қандай бағытта мақсатты түрде дамығым келеді?

### **Жеке кәсіби өсу жоспары**

Жеке құжат түрінде рәсімделеді. Тыңдаушы онда келесі қадамдарды жоспарлайды: нормативтік-құқықтық құзыреттілікті жетілдіру, инклюзивті білім беру бойынша әдістемелік материалдар әзірлеу, ҚМЖ-ға бейімделген тапсырмалар енгізу, бағалау материалдарын бейімдеу, ППҚҚ мамандарымен өзара әрекетті жақсарту.

### **Ескерту:**

Өзін-өзі бағалау қорытынды бағаға немесе сертификаттауға әсер етпейді, бірақ ішкі диагностика, саналы оқыту және кәсіби даму траекториясын құру құралы ретінде пайдаланылады.

Құралдар бейімделген және көрнекі түсінікті түрде ұсынылады: Google-кестелер, формалар, PDF-бланкілер, Word үлгілері. Олар электрондық платформа арқылы қолжетімді болады және әдістемелік материалдарда қайталанатын.

## **8. Оқу нәтижелерін бағалау**

Бағдарлама аясындағы бағалау жүйесі ашықтық, объективтілік, қолданбалылық және нормативтік талаптарға сәйкестік қағидаларына негізделген. Бағалау жалпы білім беру ұйымдары педагогтерінің инклюзивті білім беру жағдайындағы нормативтік-құқықтық құзыреттілігін дамытуға және кәсіби әрекетін құқықтық тұрғыдан негіздеу қабілетін анықтауға бағытталған.

Бағалау тек теориялық білімді меңгеруін тексеруге ғана емес, ең алдымен ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды қолдау, оқу процесін бейімдеу, ҚМЖ-ға сараланған және бейімделген тапсырмаларды енгізу, БЖБ/ТЖБ тапсырмаларын бейімдеу, ППҚҚ мамандарымен және ата-аналармен өзара әрекеттесу дағдыларының қалыптасу деңгейін анықтауға бағытталады.

### **Бағалау жүйесінің қағидалары**

**Практикалық қолданбалылық:** меңгерілген нормативтік-құқықтық білім мен әдістемелік құралдарды нақты педагогикалық тәжірибеде қолдану қабілетін бағалау.

**Құзыреттілік тәсіл:** педагогтің нормативтік-құқықтық құзыреттілігін, талдау, жоспарлау, құжаттандыру, өзара әрекеттесу және рефлексия дағдыларын дамытуға басымдық беріледі.

**Модульдік және кезеңдік:** бағалау әр модульден кейін жүргізіледі және қорытынды аттестаттаумен аяқталады.

**Формалардың вариативтілігі:** мини-тесттерден бастап практикалық тапсырмалар, кейстер және қорытынды жобаны қорғауға дейін әртүрлі бағалау формалары қолданылады.

**Рефлексия және өзін-өзі бағалау:** кәсіби дағдылардың дамуын саналы түрде ұғыну, өсу аймақтарын жоспарлау және қателермен жұмыс істеу үшін қажет.

## **Бағалаудың түрлері мен әдістері**

### **1. Ағымдағы бақылау**

Әр модуль аяқталғаннан кейін тыңдаушылар орындайды:

- Негізгі ұғымдар, нормативтік талаптар және модуль мазмұны бойынша мини-тесттер;
- Практикалық тапсырмалар:
- нормативтік-құқықтық құжаттарды талдау;
- Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушы туралы бастапқы педагогикалық ақпарат дайындау;
- ППҚҚ отырысына педагогикалық мінездеме әзірлеу;
- ҚМЖ-ға сараланған немесе бейімделген тапсырма енгізу;
- БЖБ/ТЖБ тапсырмаларын бейімдеу;
- бағалау нәтижелерін педагогикалық тұрғыдан негіздеу;
- педагогикалық құжаттаманы рәсімдеу;
- Ситуациялық кейстер: инклюзивті білім беру жағдайындағы педагогикалық жағдаяттарды шешу;
- Өзін-өзі бағалау: чек-парағын немесе жеке прогреске бақылау парағын толтыру;
- Оқытушыдан кері байланыс алу.

### **2. Тыңдаушының өзіндік жұмысы**

Келесі критерийлер бойынша бағаланады:

- тапсырманың толық және дәл орындалуы;
- модуль мазмұны мен педагогтің кәсіби қызметіне сәйкестігі;
- нормативтік-құқықтық талаптарға негізделуі;
- шешімдердің практикалық құндылығы мен қолданбалылығы;
- дәлелділігі, бастамашылдығы және дербестік деңгейі.
- Өзіндік тапсырмаларға мысал ретінде: нормативтік-құқықтық құжаттарды талдау, педагогикалық кейс шешу, ҚМЖ фрагментін әзірлеу, ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыға арналған бейімделген тапсырма дайындау, БЖБ/ТЖБ тапсырмаларын бейімдеу, педагогикалық сипаттама жазу және жазбаша рефлексия жасау ұсынылады.

### **3. Қорытынды аттестаттау**

Оқыту барысында әзірленген қорытынды тәжірибелік жобаны қорғау түрінде өтеді. Жоба бағдарламадағы барлық модульдер бойынша білім мен дағдылардың интеграцияланған нәтижесі болып табылады.

#### **Қорытынды жоба нұсқалары:**

- инклюзивті білім беру жағдайындағы нақты педагогикалық кейсті нормативтік-құқықтық тұрғыдан талдау;
- Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыға арналған ҚМЖ фрагменті және бейімделген тапсырмалар үлгісі;

- БЖБ/ТЖБ тапсырмаларын бейімдеу және бағалау нәтижелерін негіздеу үлгісі;
- ППҚҚ отырысына ұсынылатын педагогикалық сипаттама және бастапқы педагогикалық ақпарат үлгісі;
- Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыны қолдау бойынша педагогтің әрекет алгоритмі;
- ата-анамен даулы жағдайды құқықтық-этикалық тұрғыдан реттеу алгоритмі;
- педагогикалық құжаттама үлгілерін әзірлеу: мониторинг парағы, даму динамикасын тіркеу, бағалау нәтижесін негіздеу.

### **Қорғау формасы**

- Күндізгі немесе қашықтан презентациялау;
- Жұмыс нәтижелері бойынша рефлексия және оның кәсіби тәжірибе үшін маңыздылығын талдау;
- Оқытушы немесе әдістемелік комиссияның сараптамалық бағалауы.

**Бағалау критерийлері:** нормативтік талаптарға сәйкестігі, негізделгендігі, жүзеге асыру мүмкіндігі, практикалық қолданбалылығы, педагогикалық тиімділігі және құжаттық рәсімделуі.

- Өзін-өзі бағалау баға қоюға емес, рефлексиялық ұстанымның дамуына және одан әрі кәсіби өсуге мотивацияның қалыптасуына әсер етеді.

### **Қорытынды жобаны бағалау критерийлері:**

<b>Критерийлер</b>	<b>Ең жоғары балл</b>
Өзектілігі және кәсіби салаға сәйкестігі	10
Практикалық маңыздылығы және іске асырылу мүмкіндігі	10
Құрылымдық логикасы, толықтығы, нормативтік дұрыстығы	10
Әдістемелік сауаттылығы, үлгілерді (шаблондарды) қолдануы	10
Креативтілігі, педагогикалық икемділігі, бірегейлігі	10
<b>Қорытынды балл</b>	<b>50 балл</b>

### **Қосымша бағалау түрлері:**

**Тыңдаушының портфолиосы** қалау бойынша жүргізіледі: орындалған тапсырмалар, презентациялар, ҚМЖ фрагменттері, бейімделген тапсырмалар үлгілері, жұмыс парақтары және рефлексия парақтарының жинағы.

**Негізгі модульдер бойынша онлайн-тестілеу** ұйымның шешімі бойынша жүргізіледі.

**Қатысу/аяқтау сертификаты** барлық тақырыптарды меңгергенде, тапсырмаларды орындағанда және қорытынды жобаны сәтті қорғаған жағдайда беріледі.

### **Бағалаудың кәсіби дамудағы рөлі**

Бағдарламадағы бағалау тек білімді бақылау ғана емес, тыңдаушыны өзін-өзі дамыту, рефлексия жасау және кәсіби ұстанымын ұғыну процесіне белсенді түрде тартудың құралы болып табылады. Аралық және қорытынды бағалау жүйесінің арқасында тыңдаушы өз ілгерілеуін қадағалап, нақты кері байланыс алып, нормативтік-құқықтық құзыреттілігін дамыту бойынша кәсіби өсу аймақтарын анықтай алады.

Қамтамасыз етілетін қолдау және қайта бағалау шаралары:

1. Кеңес беру және сүйемелдеу:	Оқу материалын меңгеруде қиындықтарға тап болған тыңдаушылар келесі мүмкіндіктерге ие: тренермен қосымша жеке онлайн-консультациялар алу; бейнематериалдарға, шаблондарға және презентацияларға қайтадан қол жеткізу; тапсырмаларды орындау және қорытынды жұмысты бағалау критерийлері бойынша түсініктемелер алу.
2. Тапсырмаларды орындау үшін қосымша уақыт беру:	Тыңдаушының өтініші немесе курс кураторының шешімі бойынша: жеке тапсырмаларды (мысалы, жоба, әдістемелік әзірleme) орындау мерзімін ұзарту (ең көбі 2 апта); ұйымдастырушының келісімі бойынша қорытынды қорғау немесе қайта тапсыру мерзімін кейінге ауыстыру.
3. Қорытынды жұмысты қайта бағалау:	Егер тыңдаушы қорытынды аттестациядан өтпесе (30 балдан төмен жинаса), ол келесі құқықтарға ие:

	жоба бойынша сарапшылардың ескертулерін ескеріп, қайта қорғауға; не балама тапсырманы орындауға (курс әдіскерімен келісу бойынша).
4. Жартылай қайта оқыту:	Айтарлықтай артта қалған жағдайда тыңдаушыға ұсынылады: жеке модульдер бойынша қайта оқыту (мысалы, тек 2 немесе 3 модуль); консультациялық сүйемелдеумен модуль тапсырмаларын қайта орындау.
5. Академиялық шегерім (кейінге қалдыру) рәсімдеу:	Ерекше жағдайларда (ауру, демалыс, отбасылық жағдайлар) тыңдаушы: курсты кейінгі топпен аяқтау үшін шегерім ала алады; өтілген модульдердің бір бөлігін сақтап (сағаттар есепке алынып), оқуды кейін жалғастыра алады.

### 9. Курстан кейінгі қолдау

Курстан кейінгі қолдау – біліктілікті арттыру бағдарламасының ажырамас бөлігі болып табылады және тыңдаушылардың кәсіби қызметінде алған білімдері мен дағдыларының тұрақтылығын әрі практикалық қолданысын қамтамасыз етуге бағытталған.

Бұл кезең кәсіби белсенділікті қолдауға, педагогикалық бастамаларды дамытуға, тәжірибе алмасуға және тыңдаушылардың курстан алған нәтижелерін нақты тәжірибеге енгізуіне бағдарланған.

Курстан кейінгі қолдаудың негізгі элементтері:

Курстан кейінгі қолдаудың мақсаттары:			
Жаңа білімдер мен құралдарды жүзеге асыруда әдістемелік қолдау көрсету;	Кәсіби қарым-қатынасты жалғастыру және тәжірибе алмасу үшін	Консультациялар, супервизия және сараптамалық кері байланыс алу мүмкіндіктерін ұсыну;	Педагогтің тәжірибесіне өзін-өзі дамыту және өзін-өзі талдау элементтерін енгізуге ықпал ету.

	жағдай жасау;		
Курстан кейінгі қолдау форматтары:			
Жеке әдістемелік кеңес беру:	<p>онлайн байланыс арқылы ұйымдастырылады: электрондық пошта, мессенджерлер, LMS платформалары.</p> <p>Нормативтік-құқықтық құжаттарды қолдану, ҚМЖ-ға бейімделген тапсырмалар енгізу, БЖБ/ТЖБ тапсырмаларын бейімдеу, құжаттама жүргізу және ППҚҚ шеңберіндегі өзара әрекет бойынша әдістемелік қолдау көрсетіледі.</p> <p>Тыңдаушылардың ҚМЖ фрагменттерін, бағалау материалдарын және құжаттама үлгілерін тәжірибеге енгізу бойынша сараптамалық ұсынымдар беріледі.</p>		
Курстан кейінгі вебинарлар және әдістемелік шеберханалар:	<p>курс аяқталғаннан кейін 1–2 айдан соң тақырыптық онлайн-кездесулер өткізу; тыңдаушылардың сәтті енгізген кейстерін талдау;</p> <p>білімді практикада қолдану кезінде туындаған күрделі сұрақтарға жауаптар беру.</p>		
Кәсіби қарым-қатынас форумы/тобы:	<p>кәсіби чатқа немесе онлайн-топқа (Telegram, WhatsApp, Google-топтар) қолжетімділік;</p> <p>шаблондармен, құжаттармен, сұраулармен және шешімдермен алмасу; горизонталды тәлімгерлікті ынталандыру (peer-to-peer қолдау).</p>		
Онлайн-кітапхана және әдістемелік банк:	<p>курс материалдарына тұрақты қолжетімділік;</p> <p>нормативтік базаны, шаблондарды, нұсқаулықтарды тұрақты жаңарту; жаңа әдебиет, жарияланымдар және іс-шаралар бойынша ұсыныстар.</p>		
Қорытынды енгізуді ерікті супервизиялау:	<p>өз бағдарламаларын диагностикалау және рефлексиялауға ерікті түрде қатысуға шақыру;</p>		

	жеке білім беру маршруттарын іске асыруды сүйемелдеу; орталық әдіскерлерімен педагогикалық әсерлерді талдау.
<b>Қолдау әдістері:</b>	
Жеке сұраныстарға жауаптар);	практика мен нәтижелерді талдау;
Сауалнамалар, күнделіктер, талқылаулар;	топтық кейстер шешімі, материалдарды бірлесіп әзірлеу.
Ұзақтығы және форматы:	курс аяқталғаннан кейін 12 айға дейін; қашықтан, икемді кесте бойынша; тыңдаушының қалауы бойынша немесе әдіскердің шақыруы бойынша.
Курстан кейінгі қолдаудың нәтижелері:	педагогтің алған білімдерін тәжірибеде қолдау сенімділігінің артуы;
	кәсіби құжаттаманы жүргізудің дұрыс үлгілерін тәжірибеге белсенді енгізу;
	кәсіби қоғамдастыққа және әдістемелік белсенділікке қатысудың артуы;
	рефлексияның пайда болуы, бастамашылдықтың және одан әрі оқуға дайындықтың өсуі.

### **10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі:**

Заңдар мен нормативтік-құқықтық актілер тізімі

1. Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы. URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/B940001400>
2. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы (15.04.2025 ж. өзгертулер мен толықтырулармен). URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319>
3. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ Заңы (30.12.2024 ж. № 148-VIII өзгертулер мен толықтырулармен). URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1900000293>
4. Мүмкіндігі шектеулі балаларға әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау көрсету туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 Заңы (01.07.2023 ж. № 226-VII өзгертулермен). URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000343>

5. Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы (13.04.2025 ж. өзгертулер мен толықтырулармен). URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000345>
6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 5 мамырда № 20567 болып тіркелген <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020567#z10>
7. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. Қазақстан Республикасы әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 тамызда № 29031 тіркелген. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы (15.04.2025 ж. № 74 өзгертулер мен толықтырулармен). URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031>
8. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы (25.04.2025 ж. № 271 өзгертулер мен толықтырулармен). URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000249>
9. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығы. Қазақстан Республикасы әділет министрлігінде 2009 жылғы 17 тамызда № 5750 тіркелген. Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы (07.08.2023 ж. № 249 өзгертулер мен толықтырулармен). URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V090005750>
10. Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарттарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 24 ақпандағы № 31 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/G25HP000031>
11. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда, тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдарының қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы (31.03.2025 ж. № 59 өзгертулер мен толықтырулармен). URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029329>
12. Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды

өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы N 125 Бұйрығы  
[https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V080005191\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V080005191_)

13. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы. Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын және бағдарламаларын бекіту туралы URI: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026618>
14. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы. Қазақстан Республикасы әділет министрлігінде 2020 жылғы 6 сәуірде № 20317 тіркелген. Педагогтердің жүргізуі міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы (30.04.2025 ж. № 98 өзгертулер мен толықтырулармен). URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020317>
15. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 92 бұйрығы. Қазақстан Республикасы әділет министрлігінде 2025 жылғы 30 сәуірде № 36047 тіркелген. Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы. URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2500036047>

#### 1. Негізгі әдебиеттер:

16. Елисеева И.Г. Индивидуализация учебно-воспитательного процесса школьников с особыми образовательными потребностями в общеобразовательной школе: методические рекомендации. – Алматы: ННПЦ РСИО, 2021. – 65 с.
17. Мектептегі оқу қиындықтарының психологиялық-педагогикалық диагностикасы: әдіс. ұсыныстар/ Ерсарина А.К. - Алматы: АИБД ҰҒПО, 2024.- 80 б.
18. Инклюзивті орта жағдайында бастауыш білім беру деңгейінің оқу бағдарламаларын бейімдеу бойынша әдістемелік ұсынымдар – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2025. – 288 б.
19. Білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін ескере отырып оқу процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2025. – 128 б.
20. Инклюзивті білім беру жағдайында «Технология және өнер» білім беру саласының оқу бағдарламаларын іске асыру бойынша әдістемелік ұсынымдар – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2025. – 256 б.
21. Білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау бойынша педагогтерге арналған әдістемелік ұсынымдар – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2025. – 256 б.

22. Оқытуда (оқу, жазу, санау) ерекше қиындықтары бар балаларға білім беру ортасын құру бойынша әдістемелік ұсынымдар – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2024. – 208 б.

**Қосымша әдебиеттер**

23. Инклюзивті білім беру процесіне қатысушылардың барлығының коммуникативтік дағдыларын дамыту бойынша әдістемелік ұсынымдар – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2024. – 208 б.
24. Взаимодействие службы психолого-педагогического сопровождения с родителями в условиях развития инклюзивных практик: метод. рекомендации/ Егорова Е.В., Сергеева Н.В., Култаев Д.Х. - Алматы: ННПЦ РСИО, 2023. – 62 с.
25. Совершенствование учебно-методического обеспечения в специальной школе: Метод. рекомендации / Сост. Баймуратова А.Т., Куттыбаева Ж.К., Култаев Д.Х. и др. – Алматы: ННПЦ РСИО, 2022
26. Зиятында бұзылыстары бар оқушыларды жалпы білім беретін мектепте оқытуға арнайы жағдайларды жасау бойынша ұйымдастырушылық-әдістемелік аспектілер: әдістемелік ұсыныстар/ Аханова Ж.Б. - Алматы: АИБД ҰҒПО, 2024, 67 бет
27. «Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар, мүмкіндіктері шектеулі және/немесе мүгедектігі бар балалардың ата-аналарын ақпараттандыру» атты әдістемелік нұсқаулық/кұраст.: Сейсенова А.Д. – Алматы АИБД ҰҒПО, 2023. – 71 б.